

Кентау қаласында оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы

Түркістан облысы Кентау қалалық мәслихатының 2025 жылғы 27 қарашадағы № 221 шешімі

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы шешім 01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Салық Кодексінің 726 бабына сәйкес, Кентау қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Кентау қаласында оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолдану кезінде төлем көзінен ұсталатын салықтарды қоспағанда, корпоративтік немесе жеке табыс салығының мөлшерлемесі салық кезеңінде 4% - дан 2% - ға төмендетілісін.

2. Осы шешім 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Кентау қалалық мәслихатының төрағасы

Қ.Елеусизов